

мын тәжірибе кезінде қалыпты ұстап отырады; реакциялық қоспа үлгісін үлгі алушылар 4-5 көмегімен реакция өнімінің мөлшерін талдау үшін алып отырады. Термопара 19 реакциялық қоспаның температурасын бақылауға мүмкіндік береді. Электр-қыздырғыш 17 термореттегіш құрылғымен жабдықталған.

Автоклава каталитикалық жүйе компоненттерінің, спирттің және олефиннің есептелген мөлшерлерін салады. Автоклавы қымтап, екі рет көміртек монооксидімен үрлейді. Одан кейін қажетті қысымға дейін көміртек монооксидімен толтырады. Содан соң, араластырғыш пен қыздыруды қосады. Температураны қажетті мәнге дейін көтереді. Қажетті максимальды температура мәнінде белгілі бір уақыт бойы ұстап тұрады. Реакцияны жүргізгеннен кейін, араластырғыш пен қыздыруды тоқтатады. Бөлме температурасына дейін суытады. Реакциялық қоспаны декантациялап құйып алады. Реакция өнімдерін фракционирлеп бөледі\*. Реакция өніміне сәйкес келетін фракцияны бөледі. Мақсатты өнімдер массасын және іс жүзіндегі шығымды анықтайды. Өнімдер тазалығы мен даралығын сыну көрсеткіші бойынша, ИҚ-спектрін түсіру және ГСХ-анализдеу арқылы анықтайды.

### ***Термопараны калибрлеу (хромель-капель)***

#### ***Қажетті реактивтер, ыдыстар мен аспаптар:***

1 фарфор тостағанша (100 мл)

Вуд қорытпасы (100 г.)

1 термометр 250<sup>0</sup>С

1 электр плиткасы

1 милливольтметр

Хромель-капель термопараны калибрлеуді төмендегідей жүргізеді. Вуд қорытпасын фарфор тостағаншаға салып, балқыма пайда болғанша қыздырады. Одан әрі оған термометрді, оның сынапты резервуары Вуд қорытпасына түгелдей еніп тұратындай және фарфор тостағаншаның қабырғасына тимейтіндей етіп, орналастырады. Термопара ұшын Вуд

\* Өнімдердің қайнау температураларына қарай фракционирлеуді атмосфералық қысымда немесе вакуумде 10мл-лік Фаворский колбасында жүргізеді.